



ӨЖ 342.7  
ХҒТАР 10.15.59

**Н.Б. Рахимов, Қ.Е. Сагинаев**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

## **ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕС КОНТЕКСТІНДЕГІ СӨЗ ЕРКІНДІГІ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕРІ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ**

**Аннотация.** Мақала экстремистік ақпараттық материалмен күрес жағдайында сөз және шығармашылық еркіндігін іске асырудың заңдармен кепілдік берілген шектерін анықтауға арналған. Зерттеу барысында қарастырылып отырған демократиялық принциптің рөлі, маңызы, мазмұны және оны негізгі халықаралық құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасының заңнамасы тұрғысынан шектеудің айрықша шарттары қарастырылады. Авторлар сөз және шығармашылық еркіндігін іске асырудың заңды шекаралары жеке мүдделерді (бала асырап алу құпиясы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, коммерциялық құпия және т.б.) және көпшілік (мемлекет, қоғам, әлеуметтік топтар) мүдделерін қорғау үшін белгіленген заңнамалық шектеулер болып табылады деген қорытынды жасады. Сонымен қатар, халықтың белгілі бір бөлігінің ұлттық және діни сезімдерін қозғайтын арандатушылық және қорлау сипатындағы наразылық акциялары мен шығармашылық жұмыстарын бағалауға қатысты жекелеген елдердің түрлі көзқарастары проблемасы бойынша пікір білдірілген.

**Түйінді сөздер:** экстремизм; сөз және шығармашылық еркіндігі; деструктивті; радикалды; ақпарат; ақпаратты тарату; заңнамалық шектеу.

**Н.Б. Рахимов, К.Е. Сагинаев**

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Косшы, Республика Казахстан*

## **СВОБОДА СЛОВА В КОНТЕКСТЕ БОРЬБЫ С ЭКСТРЕМИЗМОМ: ПРАВОВЫЕ ПРЕДЕЛЫ И ПРОБЛЕМА РЕАЛИЗАЦИИ**

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам определения законодательно-гарантированных рамок реализации свободы слова и творчества в условиях борьбы с экстремистским информационным материалом. В ходе исследования последовательно раскрываются роль, значение, содержание и исключительные условия ограничения рассматриваемого демократического принципа с позиции основных международных правовых актов и законодательства Республики Казахстан. Авторами сделан вывод о том, что юридическими границами реализации свободы слова и творчества являются законодательные ограничения для защиты частных (тайна усыновления, неприкосновенность частной жизни, коммерческая тайна и т.д.) и публичных интересов (государства, общества, социальных групп). Кроме того, выражено мнение по проблеме разных подходов отдельных стран к оценке акций протестов и творческих работ провокационного и оскорбительного характера, затрагивающих национальные и религиозные чувства определенной части населения.

**Ключевые слова:** экстремизм; свобода слова и творчества; деструктивный; радикальный; информация; распространение информации; законодательное ограничение.

**N.B. Rakhimov, K.E. Saginayev**

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,  
Kosshi, the Republic of Kazakhstan*

## **FREEDOM OF SPEECH IN THE CONTEXT OF COMBATING EXTREMISM: LEGAL LIMITS AND THE PROBLEM OF IMPLEMENTATION**

**Abstract.** The article is devoted to the issues of defining a legally guaranteed framework for the implementation



of freedom of speech and creativity in the context of combating extremist information material. In the course of the research, the role, significance, content and exceptional conditions of limitation of the democratic principle under consideration are consistently revealed from the perspective of the main international legal acts and legislation of the Republic of Kazakhstan. The authors conclude that the legal boundaries of the exercise of freedom of speech and creativity are legislative restrictions for the protection of private (secret of adoption, privacy, commercial secrets, etc.) and public interests (state, society, social groups). In addition, an opinion was expressed on the problem of different approaches of individual countries to the assessment of protests and creative works of a provocative and offensive nature, affecting the national and religious feelings of a certain part of the population.

**Keywords:** extremism; freedom of speech and creativity; destructive; radical; information; dissemination of information; legislative restriction.

DOI: 10.52425/25187252\_2025\_36\_41

*Кіріспе.* Экстремизм – қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында шеткері, керітартпа көзқарастарға және (немесе) заңсыз іс-қимыл әдістеріне бейімділікті білдіретін қазіргі қоғамның негізгі, ең қауіпті және көпқырлы сын-қатерлерінің бірі.

Қазіргі уақытта бұл қауіптің кең тараған түрі – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы деструктивті сипаттағы әртүрлі материалдарды заңсыз жасау мен таратудан көрінетін ақпараттық экстремизм.

Бұған әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдардың қарым-қатынасы мен өзін-өзі көрсетуіне, ақпарат алуына шексіз мүмкіндіктер туғызатын әлеуметтік желілер мен мессенджерлер ықпал етеді, оған жеке тұлғаның сөз бен шығармашылық еркіндігіне конституциялық құқығы кепілдік береді.

Сонымен бірге, осы құқықты теріс пайдалану мысалдары жиі кездеседі – пікірталастар, талқылаулар, түсініктемелер радикалды мәлімдемелерге, төзбеушілік көріністеріне ұласып, конституциялық құрылыстың негіздеріне, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғуы, ұлтаралық немесе конфессияаралық келісімді бұзуы мүмкін.

Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарында және киберкеңістікте әдейі немесе заңды білместен саяси режим мен мемлекеттік құрылымға, болып жатқан оқиғаларға қатысты жалпы қабылданған көзқарастар мен құндылықтарды жоққа шығаруға негізделген, көпке топырақ шашатын, шектен тыс қатаң, дәлелденбеген және агрессивті сын айтылып, айып тағылып жататын кездер аз емес, сондай-ақ демократиялық рәсімдерді аттап өтіп,

жедел реформаларды жүзеге асыруды талап етушілер де баршылық.

Мұндай жағдайда мәлімдемелер мен тұжырымдардың деструктивті және заңсыз сипатын қалай анықтауға болады? Сөз еркіндігі қай жерде аяқталып, ақпараттық экстремизм қайдан басталады?

Осы сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап сөз еркіндігі феноменін және оның құқықтық шеңберін дәйекті түрде қарастыруды талап етеді, бұл жаһандану үрдістері мен халықаралық сахнада демократиялық дәстүрлерді белсенді ілгерілету аясында аса өзекті.

*Материалдар мен әдістер.* Зерттеу барысында таңдалған тақырыпты ашу және тұжырымдамалық пікірлерді өзірлеу үшін салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі, логикалық тәсіл қолданылды, бұл қарастырылып отырған мәселелердің маңызды жақтарын анықтауға және теориялық тұрғыдан негіздеуге, атап айтқанда, ақпараттық кеңістіктегі экстремизммен салмақты әрі ұтымды күресу үшін сөз еркіндігін қолданудың заңмен рұқсат етілген аясының кескіндерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу пәні арнайы нормативтік құқықтық актілер, ғылыми әдебиеттер және басқа да ақпараттық-талдау материалдары болды.

*Нәтижелер, талқылау.* Сөз еркіндігі немесе пікір білдіру бостандығы – адамзаттың басты құндылықтарының бірі, қазіргі демократиялық және құқықтық мемлекеттердің ажырамас белгісі.

Оның азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар үшін тарихи маңызы мен рөлі қандай? Онсыз саяси-құқықтық, экономикалық және



элеуметтік міндеттерді тиімді шешуге бола ма? Осы сұраққа жауап берген кезде көптеген тәжірибелі заңгерлер халықаралық құқық пен ұлттық заңнаманың белгілі ережелерін келтіре отырып, қарастырылып отырған институттың эволюциясы мен философиясына онша терең бойламайды.

Шындығында, сөз бен баспасөз бостандығынсыз (тіпті аздап кепілдендірілген және цензурамен шектелген көлемде) кез-келген мемлекетті елестету қиын.

Сөз еркіндігінің қалыптасуы мен дамуы тарихи тұрғыдан мемлекеттік органдардың елдегі қоғамдық және саяси өмірдің жай-күйі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Онсыз мемлекеттік аппаратқа өз функцияларын орындау өте қиынға соғады: қоғамды толғандыратын проблемалар мен қайшылықтарды азаматтардың өз аузынан естіп білмей, дұрыс басқару шешімдерін қабылдау мүмкін емес. Сондықтан 1689 жылғы Құқықтар туралы ағылшын Биллі алғашқылардың бірі болып Парламент мүшелеріне Корольдіктің істерін талқылау үшін толық еркіндікке кепілдік берді<sup>1</sup>.

Сөз еркіндігі тұжырымдамасы Ағарту дәуірінде пайда болған ізгілік мен рационализм идеяларына негізделген.

Кейіннен қарастырылып отырған құқықтық кепілдік ақиқатты іздеу мен орнатудың маңызды шарттарының біріне, демократияның іргелі негізіне айналды.

Женева университетінің швейцария және еуропалық конституциялық құқық профессоры М. Хертигтің пікірінше, еркін сөйлеу принципі шындығы тексеріле алатын объективті деректерді баяндауға да, сондай-ақ субъективті пікірлер мен жеке эмоцияларға (мысалы, өнер саласында) қатысты болады. Бұған символикалық әрекеттер де кіреді, мысалы, бейбіт және қарусыз ереуілге жиналу, пикет немесе манифестация. Бұл

принциптің қорғауында ақпаратты таратудан бастап оны алуға дейінгі барлық қарым-қатынас процесі бар. Сонымен қатар, өз пікірін білдіру еркіндігі абсолютті емес<sup>2</sup>.

Сөз еркіндігінің тағы бір элеуметтік құндылығы мынада жатыр – мемлекет пен азаматтық қоғамның жұмыс істеп тұрған институттары арқылы қоғамдық өмірде осы қағиданы іске асыруды қамтамасыз ету арқылы ғана адамның қалған құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауға қол жеткізуге болады [1].

Плюрализмге, идеялар бәсекелестігіне, өркениетті пікірталастар мен бәсекелестікке ықпал ете отырып, сөз еркіндігі көптеген маңызды салаларда алға басуға қол жеткізіп, азаматтардың нақты қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына бағытталған мемлекеттік басқаруды жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп қазақ даналығында бекер айтылмағандай, орынды әрі қисынды сынсыз кемшіліктер жойылмасы анық.

Адам құқықтары туралы барлық негізгі халықаралық құжаттарда өз ойын еркін білдіруге кепілдік беріледі және осы іргелі ереже әлемнің көптеген елдерінің конституцияларына енгізілген.

1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19-бабында әр адамның пікір ұстану еркіндігіне және оларды еркін білдіруге құқығы бар екендігі бекітілген; бұл құқыққа өз ой-тұжырымдарын кедергісіз ұстану бостандығы және кез-келген тәсілмен және мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және тарату еркіндігі кіреді.

Өз пікірін ұстану және оны еркін білдіру құқығына 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28

<sup>1</sup> Свобода слова // Википедия [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D0%B0\\_%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0#:~:text=%D0%A1%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%CC%81%D0%B4%D0%B0%D1%81%D0%BB%D0%BE%CC%81%D0%B2%D0%B0%2C%20%D1%81%D0%BE%D0%B3%D0%BB%D0%B0%D1%81%D0%BD%D0%BE%20%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B5%2010,%D1%81%D0%BE%20%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%BE%D0%BD%D1%8B%20%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D1%87%D0%BD%D1%8B%D1%85%20%D0%B2%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B5%D0%B9%20%D0%B8](https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D0%B0_%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0#:~:text=%D0%A1%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%CC%81%D0%B4%D0%B0%D1%81%D0%BB%D0%BE%CC%81%D0%B2%D0%B0%2C%20%D1%81%D0%BE%D0%B3%D0%BB%D0%B0%D1%81%D0%BD%D0%BE%20%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B5%2010,%D1%81%D0%BE%20%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%BE%D0%BD%D1%8B%20%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D1%87%D0%BD%D1%8B%D1%85%20%D0%B2%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B5%D0%B9%20%D0%B8) (жүгінген күні: 11.06.2025).

<sup>2</sup> Что такое «свобода слова» и где ее границы? [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://www.swissinfo.ch/rus/politics/privatisierung-der-demokratie\\_%D1%87%D1%82%D0%BE-%D1%82%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%B5-%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D0%B0-%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0-%D0%B8-%D0%B3%D0%B4%D0%B5-%D0%B5%D0%B5-%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%86%D1%8B/46585506](https://www.swissinfo.ch/rus/politics/privatisierung-der-demokratie_%D1%87%D1%82%D0%BE-%D1%82%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%B5-%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D0%B0-%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0-%D0%B8-%D0%B3%D0%B4%D0%B5-%D0%B5%D0%B5-%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%86%D1%8B/46585506) (жүгінген күні: 11.06.2025).



қарашадағы Заңымен ратификацияланған) ұқсас бабымен де көпілдік беріледі. Алдыңғы тарихи-құқықтық құжаттағы сияқты өз пікірін кедергісіз білдірудің заңды мүмкіндігі тек ақпаратты ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік шекараларға қарамастан идеяларды іздеу, алу және тарату еркіндігін қамтиды, оны ауызша, баспа немесе көркемдік нысандарда немесе өз қалауы бойынша басқа тәсілдермен жүзеге асыруға болады.

1950 жылғы 4 қарашадағы Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерді қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда өз пікірін білдіру құқығының мазмұны оны ұстану еркіндігін және бұқаралық билік тарапынан ешқандай араласусыз және мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды алу және тарату еркіндігін қамтиды (10-бап).

Бір айта кетерлігі, қолданылу аясы қандай да бір географиялық шекарамен шектелмейтін халықаралық құқықтың жоғарыда аталған нормаларының құқықтық конструкциялары уақыт сынағынан сәтті өтіп, ақпараттық кеңістік барынша жаһандануға ұшыраған қазіргі заман жағдайына сай келеді.

Сөз және шығармашылық еркіндігі аса маңызды демократиялық қағидат ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында бекітілген, ол цензураға тыйым сала отырып, заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алу және тарату құқығын жариялайды.

Ақпараттық экстремизмге қарсы іс-қимыл контекстінде сөз еркіндігінің заңды шектері бар ма деген сұраққа дәйекті жауап беру аса маңызды.

Айта кету керек, бұл конституциялық еркіндіктің заңнамалық шекараларын бұзу әрдайым экстремистік қызметпен байланысты болуы міндетті емес.

Бұл демократиялық құралды теріс пайдалану, мысалы, басқа адамның арнамысы мен қадір-қасиетін қорлауға, есірткіні насихаттауға, тыйым салынған материалдарды (порнографиялық және басқа сипаттағы) заңсыз таратуға, яғни экстремизммен байланысты емес басқа да құқық бұзушылықтар ретінде саралауға әкелуі мүмкін.

Сөз еркіндігінің шекараларын анықтауда кейбір қиындықтар туындайды, өйткені бұл мәселені шешудің тәсілдері әртүрлі, халықаралық құқықтағы сөз және шығармашылық еркіндігі туралы нормалардың айтарлықтай бірізденуіне қарамастан, ұлттық деңгейде әмбебап және бірыңғай стандарттар жоқ.

Сонымен қатар, Г.В. Синцов, Д.Е. Феоктистов әділ атап өткендей, ой мен сөз бостандығының барлық көріністеріне, олар радикалды болса да, заңсыз, атап айтқанда экстремистік деп қарауға болмайды. Аталған саладағы құқықтық реттеу өте сақ болуы керек, демократиялық қоғамдағы еркіндік, бір адамның құқықтары мен бостандықтары және ұлттық қауіпсіздік, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті бұзбау маңызды [2].

Көпшілік алдында жарияланған ой-пікір, «Айтылған сөз – атылған оқ» демекші, әртүрлі, кейде болжанбайтын салдарға әкелуі мүмкін. Р.А. Исаевтың, А.Ю. Боренованың пікірінше, бір арандатушылық бейнеролик тек этникалық, нәсілдік, діни алауыздыққа тікелей шақыру жағдайында ғана емес, сонымен бірге адам экстремистік мәлімдемелерді ашық жарияламай, бірақ өз мәлімдемелерімен экстремистік көңіл-күй үшін қолайлы жағдай жасайтын шындықты объективті емес, қате бағалау кезінде де әлеуметтік жарылыстың катализаторы бола алады [3].

А.Б. Эктумаев Ресей Федерациясындағы сөз еркіндігіне конституциялық құқықтың шегі ретінде мыналарды көрсетеді: конституциялық құрылыстың негіздері; жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негіздері; мемлекеттік билік институттары қамтамасыз ететін сөз еркіндігі құқығын жүзеге асырудың конституциялық шарттары [4].

Сөз еркіндігі мен басқа да қоғамдық қатынастардың ауқымын ажырату мәселесінде, біздің ойымызша, сөз еркіндігіне конституциялық-құқықтық шектеулер немесе тыйым салулар ең айқын және прагматикалық тәсілдердің бірі болып табылады.

Атап айтқанда, кейбір авторлар (А.Б. Эктумаев, Б.С. Эбзеев) оларға адамның жеке өмірі туралы ақпаратты оның келісімін-



сіз жинауға және таратуға тыйым салуды, үгіт пен насихаттың белгілі бір түрлеріне тыйым салуды, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға тыйым салуды жатқызады [4].

Осы көзқарастың дұрыстығы мен негізділігі халықаралық-құқықтық құжаттармен және Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерімен расталады.

Бұрын келтірілген 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабының 3-тармағына сәйкес, өз пікірін еркін білдіру құқығын іске асыру тұлғаларға ерекше міндеттер мен жауаптылық жүктейді. Ол келесі қажетті жағдайларда заңмен шектелуі мүмкін:

1) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін;

2) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе адамгершілікті қорғау үшін.

Мазмұны жағынан ұқсас норма 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 10-бабында бекітілген, оған сәйкес сөз еркіндігін жүзеге асыру заңда көзделген және демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздік, аумақтық тұтастық немесе қоғамдық тәртіп мүдделері үшін, тәртіпсіздіктердің немесе қылмыстардың алдын алу, денсаулық пен адамгершілікті қорғау, басқа адамдардың беделін немесе құқықтарын қорғау, алынған ақпаратты құпия түрде жария етудің алдын алу немесе сот төрелігінің беделі мен бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында қажет болатын белгілі бір жалпы ережелермен, шарттармен, шектеулермен немесе санкциялармен ұштасуы мүмкін.

Жекелеген айрықша жағдайларда сөз және шығармашылық еркіндігін теріс пайдалануға конституциялық-құқықтық тыйым Қазақстан Республикасы Негізгі Заңының 20-бабының 3-тармағында көзделген: «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас

ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді».

Қазақстан Конституциясының 39-бабы кеңейтілген түсіндіруге жатпайтын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің мынадай шартын белгілейді: мұндай шектеу тек заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қажет шамада ғана мүмкін болады.

Осы бапта (3-тармақ) ешқандай жағдайда шектеуге жатпайтын абсолютті құқықтар мен бостандықтардың тізімі қарастырылған, онда сөз және шығармашылық еркіндігі жоқ. Демек, заң шығарушы мемлекеттік және қоғамдық өмірдің кейбір маңызды салаларында адам мен азаматтың осы конституциялық құқығының шегін белгілеуге құқылы.

Сөз және шығармашылық еркіндігі саласындағы құқықтық тыйымдардың неғұрлым егжей-тегжейлі тізбесі «Масс-медиа туралы» 2024 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген, оның 2-бабына сәйкес, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, *экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға*, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға тыйым салынады.

Жоғарыда келтірілген пікірлер мен халықаралық, ұлттық құқық нормаларын талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: сөз еркіндігі *жеке мүдделерді* (бала асырап алу құпиясы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, коммерциялық құпия және т.б.) және *көпшілік мүдделерін* (мемлекет, қоғам, әлеуметтік топтар) қорғау үшін заңнамалық шектеулер белгіленген жерде аяқталады.

Біздің тақырыпқа қатысты сөз еркіндігі



мен экстремизмді ажырату үшін экстремистік және террористік қылмыстар қол сұғатын қоғамдық мүдделер саласы маңызды болып табылады.

*Проблема.* Экстремистік мазмұнды сәйкестендіру мәселесінде белгілі бір дилемманы арандатушылық сипаты бар және халық арасында жағымсыз қоғамдық резонанс тудырған сатиралық бағыттағы қорлаушы, масқаралаушы шығармашылық жұмыстарға, діни кітаптарды жария түрде өртеу акцияларына жекелеген демократиялық елдердің (Франция, Дания, Швеция) құқық қорғау органдарының екіұшты көзқарасы да тудырады.

Кезінде Мұхаммед пайғамбарға жасалған жария карикатуралар қандай жағымсыз салдарға әкелгенін көпшілік біледі, алғаш рет олар 2005 жылы Данияда шығып, содан кейін француздық Charlie Hebdo сатиралық журналы мұндай материалдарды қайта басып шығарды. Бұл мұсылмандар арасында қызу наразылық тудырды және Еуропа мемлекеттерінде мәдениетаралық қақтығыстың себебі болды.

Кейінгі жылдары журнал пайғамбарға карикатураларды жариялауды жалғастырды, мұны фундаментализмді қабылдамау және сөз бостандығы үшін күрес деп түсіндірді.

Жағдайдың ушыққаны соншалық, 2015 жылы радикалды исламизмнің екі ағайынды ізбасары Париждегі Charlie Hebdo редакциясына шабуыл жасап, басылымның жетекші суретшілері мен журналистерін қосқанда 12 адамның өмірін қиды [5].

Соңғы екі жылда Скандинавия аймағында бірнеше Құранды өртеу акциялары болып өтті. 2023 жылдың қаңтарында дат-швед әсіре оңшыл белсендісі Расмус Палудан Стокгольмдегі Түрік елшілігінің жанында Құранды өртеуге рұқсат алды [6]. Швецияның Сыртқы істер министрлігі бұл мінез-құлық сөз еркіндігінің көрінісі деп мәлімдеді. Жауап ретінде наразылық Стамбулдағы Швецияның Бас консулдығында өтті, оның барысында

белсенділер швед туын өртеп жіберді.

Кейінірек, сол жылдың тамызында Швеция билігі Құранды өртеу арқылы қоғамдық акцияларға рұқсат беретін қоғамдық тәртіп туралы заңды қайта қарау ниетін білдірді<sup>3</sup>.

2023 жылы Швецияда 2020 жылы Құранды өртеп жіберген 27 жастағы ер адамды алғаш рет сот этносаралық өшпенділікті қоздырғаны үшін кінәлі деп танып, шартты түрде соттады. Бұған дейін Швеция прокуратурасы мұндай наразылықтарға қарсы айып тақпай, бұл акция сөз еркіндігі мен өз ойын білдіру туралы заңнамаға сәйкес келеді деп мәлімдеген еді<sup>4</sup>.

Алайда, осыған қарамастан, Швецияда мұндай акциялар 2024 жылы да жалғасты, онда бір әйел мұсылмандардың қасиетті кітабын оның үстінде крест ұстап өртеп жіберді, ал «Евровидение» музыкалық байқауы қарсаңында Мальме қаласының полициясы Құранның көпшілік алдында өртенуін мақұлдады<sup>5</sup>.

Жоғарыда келтірілген мысалдар жекелеген еуропалық елдер мен Қазақстанда сөз және шығармашылық еркіндігі демократиялық қағидатын әр түрлі түсінілуін көрсетеді.

Сатиралық журнал мен Құран өртеушілердің әрекеттері зорлық-зомбылық емес, бірақ нақты бір діннің еуропалық қоғамдағы рөлі мен ықпалын жоққа шығару түрінде оған деген теріс көзқарасты білдірді. Ресми-заңи тұрғыда бұл мемлекеттің зайырлы сипатына және сөз еркіндігі конституциялық құқығына сәйкес келеді, бірақ халықтың белгілі бір бөлігінің діни сезімдерін қорлайды. Сондықтан Қазақстан Республикасында мұндай акцияларға Конституцияның 39-бабының 2-тармағымен белгіленген тыйым салынады: «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Мынаны айта кету керек, Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдарының деректері бойынша рухани және мәдени рәміздерді жою, қорлау және осыған іспеттес

<sup>3</sup> В Швеции перед «Евровидением» дали разрешение на акцию с сожжением Корана. – 2 мая 2024 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://iz.ru/export/google/amp/1690855> (жүгінген күні: 11.06.2025).

<sup>4</sup> В Швеции не раз сжигали Коран. Впервые за это вынесен обвинительный приговор. Служба. – 12 октября 2023 // BBC News Русская [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.bbc.com/russian/articles/cw4jlg0195po> (жүгінген күні: 11.06.2025).

<sup>5</sup> В Швеции перед «Евровидением» дали разрешение на акцию с сожжением Корана. – 2 мая 2024 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://iz.ru/export/google/amp/1690855> (жүгінген күні: 11.06.2025).



діни тақырыптағы жария акцияларды ұйымдастыру фактілері болған жоқ.

Сонымен қатар, қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен ауырлығына байланысты осындай құқық бұзушылықтар үшін ӨҚБТК-нің 490-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылық (... жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын дінге көзқарасы себептері бойынша бұзу немесе олардың діни сезімдерін қорлау не қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіру, егер жоғарыда баяндалған барлық әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса) және ҚР ҚК 174-бабының 1 немесе 3-бөліктері бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген.

Біз Францияда, Швецияда және Данияда пікір білдіру еркіндігін іске асыру басым конституциялық принцип ретінде жеке мүдделер мен қоғамдық келісім арасындағы үйлесімділікті сақтау қажеттілігімен әркез шектелмейтінін көреміз. Басқаша айтқанда, бір адамның индивидуализмі мен ашық өзімшілдігі әлеуметтік топтар түріндегі қоғамның мүдделеріне қарсы қойылады, бұл сайып келгенде резонанс пен басқа да ауыр, теріс салдарға әкеледі. Қарастырылып отырған жағдай кезекті рет Қазақстан Республикасындағы экстремизмнің, оның ішінде зорлық-зомбылықсыз сипатындағы, кез келген көріністеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік-құқықтық саясаттың дұрыстығы мен теңгерімділігін дәлелдейді.

Сөз соңында осы жұмыстағы тұжырымдамалардың өзегі ретінде ғылымдағы мына бір көзқарасты келтіргенді жөн көрдік: «... шектелмеген еркіндік оны теріс пайдалануға, сол арқылы басқа тұлғалардың еркіндіктерін бұзуға әкеледі, осыған байланысты, сөз еркіндігі мемлекет әлеуметтің мүддесін қорғау үшін жүргізетін шекараның болуын қажет етеді...» [7].

*Қорытынды.* Осы мақаланы қорытындылай келе, экстремистік сипаттағы ақпараттық материалдарға қарсы іс-қимылда ескеру үшін мыналарды тұжырымдау маңызды болып көрінеді:

- деструктивті, радикалды идеялармен және үндеулермен күрес контекстінде халықаралық құқық тұрғысынан да, Қазақстан Республикасының заңнамасы тұрғысынан да сөз және шығармашылық еркіндігі құқығын іске асырудың заңды шектері болып көпшілік мүдделерін (мемлекет, қоғам, әлеуметтік топтар) қорғау үшін заңнамалық шектеулер танылады;

- жекелеген шет елдер мен Қазақстанның халықтың жекелеген этникалық, діни топтары үшін қорлайтын және арандатушылық сипаттағы шығармашылық жұмыстарды жариялау, наразылық акцияларын өткізу фактілерін бағалауға әртүрлі көзқарастарына қарамастан, халықаралық құқық және қазақстандық заңнама нормалары бойынша мұндай жағдайлар сөз және шығармашылық еркіндігінің құқықтық шеңберінен тыс жатады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Большаков, Л.М. Значение конституционной свободы слова для реализации прав и свобод человека, развития гражданского общества и правового государства / Л.М. Большаков // Вестник ЮУрГУ. Серия: Право. – 2018. – № 4. – С. 62-67.
2. Синцов, Г.В. Свобода мысли и слова в контексте противодействия информационному экстремизму / Г.В. Синцов, Д.Е. Феоктистов // Известия ВУЗов. Поволжский регион. Общественные науки. – 2018. – № 4 (48). – С. 15-21.
3. Исаев, Р.А. Свобода слова в России в условиях противодействия экстремизму / Р.А. Исаев, А.Ю. Боренов // Теория и практика общественного развития. – 2015. – № 23. – С. 95-97.
4. Эктумаев, А.Б. Пределы и границы права на свободу слова [Электрондық ресурс] / А.Б. Эктумаев // Общество: политика, экономика, право. – 2017. – № 1. – Айналыс режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/predely-i-granitsy-prava-na-svobodu-slova> (жүгінген күні: 20.06.2025).
5. N.P. Petrikowski. Charlie Hebdo shooting [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.britannica.com/event/Charlie-Hebdo-shooting> (жүгінген күні: 11.06.2025).
6. I. Karlidag. Sweden's Quran burnings put freedom of expression law to test [Электрондық



ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.bbc.com/news/world-europe-66310285> (жүгінген күні: 11.06.2025).

7. Идрисов, Х.В. Свобода мысли, слова и выражения мнения: некоторые проблемы формулировки и определения границ в контексте влияния религиозного фактора [Электрондық ресурс] / Х.В. Идрисов // Правоприменение. – 2022. – № 1 (6). – Айналыс режимі: <https://enforcement.omsu.ru/jour/article/view/596> (жүгінген күні: 11.06.2025).

#### References:

1. Bol'shakov, L.M. Znachenie konstitucionnoj svobody slova dlja realizacii prav i svobod cheloveka, razvitija grazhdanskogo obshhestva i pravovogo gosudarstva / L.M. Bol'shakov // Vestnik JuUrGU. Serija: Pravo. – 2018. – № 4. – S. 62-67.

2. Sincov, G.V. Svoboda mysli i slova v kontekste protivodejstvija informacionnomu jekstremizmu / G.V. Sincov, D.E. Feoktistov // Izvestija VUZov. Povolzhskij region. Obshhestvennye nauki. – 2018. – № 4 (48). – S. 15-21.

3. Isaev, R.A. Svoboda slova v Rossii v uslovijah protivodejstvija jekstremizmu / R.A. Isaev, A.Ju. Borenov // Teorija i praktika obshhestvennogo razvitija. – 2015. – № 23. – S. 95-97.

4. Jektumaev, A.B. Predely i granicy prava na svobodu slova [Jelektronдық resurs] / A.B. Jektumaev // Obshhestvo: politika, jekonomika, pravo. – 2017. – № 1. – Ajnalyz rezhimi: <https://cyberleninka.ru/article/n/predely-i-granitsy-prava-na-svobodu-slova> (zhygingen kyini: 20.06.2025).

5. N.P. Petrikowski. Charlie Hebdo shooting [Jelektronдық resurs] – Ajnalyz rezhimi: <https://www.britannica.com/event/Charlie-Hebdo-shooting> (zhygingen kyini: 11.06.2025).

6. I. Karlidag. Sweden's Quran burnings put freedom of expression law to test [Jelektronдық resurs] – Ajnalyz rezhimi: <https://www.bbc.com/news/world-europe-66310285> (zhygingen kyini: 11.06.2025).

7. Idrisov, H.V. Svoboda mysli, slova i vyrazhenija mnenija: nekotorye problemy formulirovki i opredelenija granic v kontekste vlijaniya religioznogo faktora [Jelektronдық resurs] / H.V. Idrisov // Pravoprименение. – 2022. – № 1 (6). – Ajnalyz rezhimi: <https://enforcement.omsu.ru/jour/article/view/596> (zhygingen kyini: 11.06.2025).

#### **АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS**

**Нұрғали Берікұлы Рахимов** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институты жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы даярлау кафедрасының доценті, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: [nurgali.83@inbox.ru](mailto:nurgali.83@inbox.ru).

**Рахимов Нурғали Берикович** – доцент кафедры специальной подготовки по противодействию глобальным угрозам Института профессионального обучения Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: [nurgali.83@inbox.ru](mailto:nurgali.83@inbox.ru).

**Rakhimov Nurgali Berikovich** – Associate Professor of the Department of Special Training in Countering Global Threats at the Institute of Professional Training of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: [nurgali.83@inbox.ru](mailto:nurgali.83@inbox.ru).

**Қуантай Есенұлы Сағинаев** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институты жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы даярлау кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: [7340336@prokuror.gov.kz](mailto:7340336@prokuror.gov.kz).

**Сағинаев Қуантай Есенович** – старший преподаватель кафедры специальной подготовки по противодействию глобальным угрозам Института профессионального обучения Академии



правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: 7340336@prokuror.gov.kz.

**Saginayev Kuantay Esenovich** – Senior lecturer of the Department of Special Training in Countering Global Threats at the Institute of Professional Training of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: 7340336@prokuror.gov.kz.